



«Бекітемін»  
Мектеп директоры: *Magda* Е. А. Тургангазин  
«22» 09... 2023 жыл

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған  
тәрбие жоспары**

2023 – 2024 оқу жылы

---

**Мектептің өзекті мәселесі:** Оқытудың жаңа технологиясын қолдану арқылы, оқу сапасын жоғары деңгейге көтеріп, жан – жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

**Мақсаты:** Бәсекеге қабілетті, өзінің мәдениеті мен тілін қастерлейтін, ұлттық рухы жағары, патриоттық сезімі тұрақты әрі берік қалыптасқан, әлеуметтік ортада өз орнын таба алатын, жеке тұлға тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

- Қ Р Мемлекеттік рәміздеріне оқушылардың құрмет сезімін қалыптастыру
- Оқушылардың арасында діни экстремизмге, нашақорлыққа т.б жат іс – әрекеттерге шалдығудың алдын алу мақсатындағы салауаттылық өмірге баулу шараларын жетілдіру;
- Ұлттық мазмұндағы эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру;
- Қоршаған ортаның, табиғаттың экологиялық тазалығына жауапкершілік сезімдеріне баулу;
- Денешынықтыру және спорт мәдениеті арқылы өз денсаулығы үшін белсенді күресуге дағдыландыру;
- Азаматтық белсенділігін арттыруға септік ету;

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, Отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу; намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті, дәріптейді.

**Ұсыным:** Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары .

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

-Адал еңбекті құрметтеу;

- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау;

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығын сақтайды;

- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

- Ізденімпаз тұлға

### **Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:**

1.«Оқуға құштар мектеп»

2.«Балалар және театр»

3.«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

4.«Ұшқыр-ой алаңы»

5.«Жеткіншектің жеті жарғысы»

6.«Ұлттық мектеп лигасы»

7.«Ғаламтор қауіпсіздігі»

8.«Төрт тоқсан - төрт өнер»

9.«9 ай- 9 іс-шара»

10.«Ата-аналар мектебі»

## 1 қыркүйек - Білім күні

1 қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек - А. Байтұрсыновтың туған күніне арналған “Тіл тазалығы” тақырыбында шаралар

Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	Орындалу мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Мектеп - мейірім мекені” “Мектебім - менің мектебім” “Менің туған өлкем” “Менің ойларым, армандарым, үміттерім”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Сынып жетекшілер	қыркүйек
2	“Тіл тірегіміз, соғыш тұрған жүрегіміз” «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Тіл әдебиет пән мұғалімдері	.қыркүйек
3	“Ата - ананың мектептегі бір күні” «Ата аналар мектебі»	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Сынып жетекшілер	.қыркүйек
4	“Жолда жүру ережесін білесің бе?” /Жеткіншектің жеті жарғысы/	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, жетекшілер	Сынып қыркүйек.
5	“Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!” /Жеткіншектің жеті жарғысы/	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	
6	“Нашақорлық - қоғам дерті”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО,Сынып жетекшілер	қыркүйек.
7	«Төтенше жағдайлардың пайда болу себептері»,	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Ақпараттық танымдық жаттығулары	қыркүйек.
8	“Терроризм зардаптары, діни секталар”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Тәрбие сағаты	қыркүйек

9	«Бала тәрбиесі баршаға ортақ» «Ата- аналар мектебі»	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Ата – аналар жиналысы	қыркүйек
---	--	---	-----------------------	----------

### Қазан - Алаш азаматтарын ұлықтау айы

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан - Ұстаздар күні

25 қазан - Республика күні

- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбергенұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын - жазушысы, ақыл - ойшысы, демократ ақыны С. Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С. Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Қарттарым - асыл қазынам”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	қазан.
2	“Ұстазым, мерекенізбен!”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, сынып жетекшілер	Қазан
3	“Бір салада еңбек еткен отбасы” Ұстаздар династиясы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер.сынып жет	қазан.
4	“Дублер күні”	Мектеп Instagram парақшасына	ТІЖО; Тәлімгер, мектеп парламенті	қазан



		жариялау		
5	“Қайырымды істер марафоны” “Қоғамға қызмет” жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер.	қазан
6	«Жемқорлықпен күресу – әрбір адамның борышы» «Адал ұрпақ» жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Тәлімгер, өзін – өзі басқару ұйымы	Қазан
8	«Қауіпсіз интернет» «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Сынып сағаттары	қазан
9	«Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, сынып жетекшілер	қазан

## Қараша - Поэзия айы

15 қараша - Ұлттық валюта күні

Күзгі демалыс

№	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	Орындау мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	«Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу»	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Сынып жетекшілер	қараша
2	“”Мейірімділік керуені” “Қоғамға қызмет” еріктілер тобы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер	қараша
3	“Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Психолог, сынып жетекшілер	қараша
4	«Күз байлықтары»	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, сынып жетек	қараша
5	“Теңге тәуелсіздік келбеті”	Мектеп Instagram парақшасына	ТІЖО, Кітапханашы, Сынып жет	қараша

		жариялау		
6	“Буллинг, Кибербуллинг” деген не?	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Психолог, сынып жет	қараша
7	“Үнемділік инноваторы” “Еңбегі адал жас өрен” жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	қараша

## Желтоқсан айы - “Қазақстан - ұлы дала елі”

16 - 17 желтоқсан - Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№.	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Сақтансаң сау боларсың” “Спид - ғасыр дерті”	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Медбике	желтоқсан
2	“”Ұлттық рух - Тәуелсіздік тірегі” “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	желтоқсан
3	“”Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!” онкүндік “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Кітапханашы	желтоқсан
4	“Көк тудың желбірегені” “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Т. Дүсіпов	желтоқсан
5	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	желтоқсан
6	“”Мен елімнің патроитымын”	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Тәлімге, сынып жетекшілер	желтоқсан
7	«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы»	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тарих пәндері мқғалімдері	желтоқсан.
8	“Тоғыз құмалақ - day” “Ұлттық мектеп лигасы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.

9	“Жаңа - жыл, Жаңа жыр”	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, сынып жет	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.
---	------------------------	--	------------------------------	---

## Қаңтар айы - “Ұлттық код” айы

Қысқы демалыс

№.	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	уақыты
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Туған өлкем - қандай көркем” “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	Қаңтар
2	“Мен оқыған бір ертегі” “Оқуға құштар мектеп” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Кітапханашы	Қаңтар
3	“Мен және менің міндетім»	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, учаскелік инспектор, сынып жетекшілер	қаңтар
4	“Қыз намысы - ұлт намысы” “Ата - аналар мектебі” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Психолог, Медбике	Қаңтар
5	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап“ “Еңбегі адал жас өрен” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; Тәлімгер	қаңтар
6	“Заңды білу – өміріңді қорғау” “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram Парақшасына жариялау	ТІЖО, Ж. Еркінова	қаңтар
7	“Ұлттық ойын - ұлттық қазына” “Ұлттық мектеп лигасы” жобасы	Мектеп instagram Парақшасына жариялау	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	қаңтар
8	«Отбасы - тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» «Ата – аналар мектебі» жобасы	Мектеп instagram Парақшасына жариялау	Ата – аналар жиналысы	Қаңтар

## Ақпан айы - Оқуға күштарлық айы

№.	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	Орындалу мерзімі
1	“Мақал - сөздің азығы, жұмбақ - ойдың азығы” “Балалар кітапханасы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	Сынып жетекшілер, Кітапханашы	ақпан
2	Абайдың Толық адам ілімі” “Балалар кітапханасы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жет	ақпан
3	“Өмір қауіпсіздігі” “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	ақпан
4	“Адам құқығы – бала құқығынан басталады.” «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тарих пәні мұғалімдері	ақпан
5	«Әке - алып бәйтерек” “Ата – аналар мектебі» жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, сынып жетек	ақпан
6	“Жол қауіпсіздігін сақтаймыз”	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетекшілер	ақпан
7	«Ауғанның отты жылдары» “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, АӘД пәні мұғалімі	Ақпан

## Наурыз айы - ұлттық салт - дәстүрді дәріптеу айы

1 наурыз - алғыс айту күні

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні

21,22,23 наурыз - Наурыз мейрамы

27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні

№.	Іс - шараның атауы	Аяқталу мерзімі	Жауапты адам	Орындалу мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Алғыс айту парызым”	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жет	наурыз
2	“Үміт сәулесі” /Қайырымдылық акциясы/ “Еңбегі ерен жас өрен”	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	Тәлімгер, мектеп парламен оқушылары	наурыз
3	“Бәрі де ана бір өзіңнен басталады” “Ата - аналар мектебі” жобасы	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	ТІЖО, Сынып жетек	наурыз
4	«Жасөспірімдер арасында өз – өзіне қол жұмсаушылық / суицид/ әрекеттерінің алдын алу»	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	Сауанамалар, сыныптан тыс жұмыстар	наурыз
6	“Бәрі де ана бір өзіңнен басталады” “Ата - аналар мектебі” жобасы	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	ТІЖО; Сынып жетек	наурыз
7	«Амал келді, жыл келді» “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	ТІЖО, сынып жетекшілер	наурыз
8	“Шаш өру де өнер” “Ата - аналар мектебі” жобасы	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	ТІЖО, сынып жетекшілер	наурыз
9	“Ұлттық киім - ұрпаққа мұра” “Ата -аналар мектебі” жобасы	Мектеп instaqram парақшасына жариялау 4-7 сыныптар	ТІЖО; Тәлімгер, сынып жетек	наурыз
10	“Қош келдің, Әз Наурыз!”	Мектеп instaqram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	наурыз

## Сәуір - Экологиялық мәдениет айы

12 сәуір - Ғылым күні

№.	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	Орындалу нысаны
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Қайырымдылық жасау – үлкен сауап” “Еңбегі адал жас өрен” жобасы”	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау	Тәлімгер, Парламент мүшелері	сәуір
2	“Жасөспірімдер арасында алаяқтыққа жол бермеу” “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 7- 11 сыныптар	ТІЖО, Психолог, учаскелік инспектор	сәуір.
3	“Қоқысты қайта өңдеу процесі.” “Еңбегі адал жас өрен” жобасы	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 7-11 сыныптар	Тәлімгер, сынып жетек	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.
4	”Өнерлі ұрпақ – кемел болашақ”	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 1- 11 сыныптар	Тәлімгер, Мектеп парламенті	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.
5	“Табиғат – біздің досымыз”	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 7-11 сыныптар	Сынып жетекшілер	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.
6	“Құстарға ұя сыйла” “Еңбегі адал жас өрен” жобасы	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 1 - 11 сыныптар	Сынып жетекшілер	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.
7	“Кітапханаға саяхат” “Оқуға құштар мектеп” жобасы	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 1 -7 сыныптар	ТІЖО; Кітапханашы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.
8	“Спорт - сенің серігің” “Ұлттық мектеп лигасы” жобасы	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау 5-11 сыныптар	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Мектеп Instagram парақшасына жариялау
9	“Дені саудың – жаны сау”	Мектеп instaqram Парақшасына жариялау	ТІЖО; Медбике	Мектеп Instagram парақшасына жариялау.

## Мамыр - Бейбітшілік пен Татулық айы

1 мамыр Қазақстанхалықтарының бірлігі күні

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні

9 мамыр - Жеңіс күні

31 мамыр - Саяси қуғын - сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Ш. Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№.	Іс - шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты адам	Орындалуы
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР - ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ /ОТАН/</b>				
1	“Бейбітшілік - ел тілегі” “Жеткіншектің еті жарғысы”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, сынып жетекшілер	Мамыр
2	“Мен табиғатты аялаймын, сүйемін»” “Еңбегі ерен жас өрен” жлбасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	Тәлімгер, мектеп парламенті	Мамыр
3	«Сарбаз болам мен ертең»	Мектеп Instagram парақшасына жариялау 10	ТІЖО, АӘД пәні мұғалалімі	Мамыр
4	«Ұлы жеңіс мерекесі» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО; сынып жетек	Мамыр.
5	«Отбасы – бақыт мекені» «Ата – аналар мектебі » жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, жетекшілер Сынып	Мамыр.
6	«Қайырымдылық жасау – үлкен сауап» “Еңбегі адал жас өрен” жобасы	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер	Мамыр
7	“Соңғы қоңырау”	Мектеп Instagram парақшасына жариялау	ТІЖО, Тәлімгер, сынып жетекшілер	Мамыр